



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

КРЕДИТТІК ЖҮЙЕ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ХИМИЯ ПӘНІНЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Чулакова Айнагуль Муратовна

ainagul_1111@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ химия кафедрасының 2курс магистранты, Астана,Қазақстан
Ғылыми жетекші-Дүйсембиев М.Ж.

Қазіргі заманғы педагогикада кредиттік оқу жүйесі білім жүйесі ретінде өзін-өзі тәрбиелеуге және жеке тұлға ретінде білімнің шығармашылық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Кредиттік технологияның негізгі ерекше белгілері:

- білім алушылар үшін оқу жоспары пәндерін таңдау кеңдігі;
- әр студенттің өз жеке оқу жоспарын қалыптастыру ісіне қатысуы;
- сынақ бірліктері - кредиттер жүйесін жүргізу;
- оқу үрдісінің баспа және электронды түрдегі қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілуі;
- студенттердің оқу пәндерін меңгеруін бағалауда балдық-рейтингтік жүйенің міндетті түрде қолданылуы;

Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында аудиториялық жұмыс көлемінің төмендеуі студенттің өзіндік жұмысының мәнін және жағдайын тікелей арттырады. Сонымен қатар студенттердің өзіндік жұмысын жандандыру білім беру материалдарын кеңейтуге және нығайтуға, жаңа кәсіби білім алуға, шығармашылық пен интерактивтілікті дамытуға, практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Өзіндік жұмыс студенттің ғылыми әдебиеттермен және ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Кредиттік жүйедегі өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуының ерекше маңызы бұл студенттің өзіндік оқуға мотивациясы. [1]. Кредиттік оқыту жүйесі студенттің және оқытушының оқу үдерісіндегі ұстанымын өзгертуді болжайды. Жүйені енгізу кезінде пассивті қабылдайтын студент білім беру процесіне белсенді қатысады.

Оқытушы мен студент жүйесінің іс-әрекетіндегі жетістікті анықтайтын маңызды факторлардың бірі педагогикалық қарым-қатынас болып табылады.

Егер студенттерге білім беру және іскерлік пен дағдыны сіндіру процесі, педагогикалық қарым-қатынастың ұйымдастырушылығы ескерілмесе, онда сабақтың сәтті болуын мәтіндердің мазмұны да, тиімді жаттығулары да, әдіс-тәсілдер мен құралдарына қамтамасыз ете алмайды. Сабақта қарым-қатынас кезінде сезімталдық пен тілектестік, табиғилық пен еркіндік, адамгершілік студенттің белсенділігін жандандырады

Кредиттік жүйе студенттерді өз бетінше ұйымдастыруды, білімдерін, дағдыларын меңгеруді, шығармашылық тәжірибені жинақтауды, білім беру және танымдық қызметті, кәсіби-танымдық қажеттіліктерін, мүдделерін дамытуды көздейді. Кредиттік технология талаптарына сәйкес, оқытушының жетекшілігімен студент тәуелсіз өзі дайындалатындай әрбір академиялық пәндер оқуға ұсынылады. Бұл жағдайда мұғалімнің рөлі - мәселенің тұжырымдалуына, оның өзектілігін және практикалық маңызын негіздеуге, сондай-ақ студенттің танымдық және шығармашылық қызметін басқаруы. [2]

Кредиттік технологияда оқытушылар мен әкімшілік ұйымдастырудың негізгі бағытын жалпыға міндетті СӨЖ-дің тиісті талаптарына сәйкес келуге бағытталуы керек:

- студенттердің СӨЖ-ге деген ынталарын негізге ала отырып, студенттердің өзіндік білімінің жоғары дәрежесін қалыптастыру
- студенттің өзіндік жұмысын оқитын курсына және мамандығына байланысты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру
- оқытушының ынталандыру және консультативтік-әдістемелік рөлін күшейту және жандандыру;

- студенттерді интерактивті әдістер мен компьютерлік технологияларды қажет ететін ақпараттық-әдістемеліктермен қамтамасыз ету
- студенттер арасында сенім мен серіктестікті құру.

Кредиттік оқыту жүйесінің Қазақстанға ендірудегі алғашқы тәжірибелер оқу процесінде білім алушының өзіндік жұмысын белсендірудің қажет екендігін көрсетті. Білім алушының өзіндік жұмысы - бұл білім алушының нақты бір ғылым саласында (яғни, жалпы химия бағытында) тапсырмаларды өзінше орындауға, білім жинақтауына бағытталған оқу әрекеті.

Қазіргі заманғы педагогикада кредиттік оқу жүйесі білім жүйесі ретінде өзін-өзі тәрбиелеуге және жеке тұлға ретінде білімнің шығармашылық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді[3] Қазақстандық ЖОО-да білім берудің кредитті жүйесі жақсы дамығанын атап өткен жөн. Бұған құқықтық және ұйымдастырушылық алғышарттардың құрылуы дәлел болады. Білім берудің кредитті технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың Ережелері бекітілген; жасалынып жатырған мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім берудің стандарттары кредитті жүйе параметрлеріне негізделген; ЖОО-на кредитті оқу жүйесін енгізу жөніндегі сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінен оқыту семинарлары жүргізілді. Осыған байланысты кредитті білім беру жүйесі сұрақтары бойынша біз жалпы түсінікте белгілі жетістіктерге жеттік деп айтуға болады. Отандық ЖОО үшін жаңа, сонымен қатар қиыны модульді білім беру бағдарламаларының қалыптасуы. Әлемдік тәжірибе көрсетілген үш қағидат бойынша тұрғызылған оқу бағдарламалары өте нәтижелірек болып келетініне дәлел. Және осы үш элементтің (компетенция – модуль - кредит) қолданылуы кезінде ғана оқу қызметіне инновациялық технологияларды толық енгізу туралы айтуға болады. Оқу бағдарламаларын құруда модульдердің қолданылуы болашақта жоғары мектептердің академиялық қауымнан оқу бағдарламаларының құрылысының өзгеруімен байланысты қиынырақ бейімділігін талап етеді. Оқу бағдарламаларын құрудың модульді принципі кредитті оқыту жүйесінің жанында студенттің жеке білім траекториясында, әлемде болып жатқан интеграциялық процестер шегіндегі әлемдік академиялық оқытумен қамтамасыз етуде маңызды рөлге ие. Қазіргі күні «білім берудегі модуль» түсінігі әртүрлі мағына және әртүрлі түсінікке ие. Біз білім беру бағдарламаларының модульдері мен оқу пәндерінің модульдері туралы айтамыз. Бұл ретте бұл бір-бірімен байланыстағы ортақ қасиеттер қатарына ие құбылыстар екенін ескере кетеміз. Біріншіден, бұл логикалық аяқталғандық және нәтижесі ретінде, басқа оқу материалынан оқу модулінің мазмұнының қатыстық ерекшелігі. Екіншіден, бұл студентке де, оқытушыға да бағытталған, егжей-тегжейлі құрастырылған методикалық қамтамасыз ету. Ол нақты тұжырымдалған оқу мақсатын, логикалық сызбаны қамтиды және пәндегі немесе оқу бағдарламасындағы модуль орнын, модульді оқытудың логикалық сызбасын, модульді меңгеруге арналған оқу материалдарын, модульге енгізілген оқу мазмұнын меңгерушілік бақылаудың анық, құжатталған рәсімін көрсетеді. Әрбір модуль өзіндік оқу-әдістемелік кешенімен қолдау тапқан болуы керек деп айтуға болады. Үшіншіден, негізінде, міндетті болып саналмайтын ауысым. Бірақ, модульдік қағидаға сай, оқу пәндері мен оқу бағдарламаларын инвариантты бөлімдер (міндетті оқылуға арналған модульдер) мен модульдерді ауыстыра алатын вариантты бөлімдерден құрастыруға болады. Олармен студенттердің, жұмыс берушілердің, еңбек нарығының қажеттіліктеріне жедел әсер ете отырып, оқудың тереңдігі мен бағыттылығын өзгертуге болады. Сондай-ақ, мұнда кредитті оқу жүйесі мен оқу бағдарламаларының модульді қағидаттарының арасында ортақтылық бар, яғни оқу бағдарламаларындағы барлық пәндер үш топқа бөлінеді: А тобы – қатаң белгіленген реттілік бойынша оқытылатын міндетті пәндер; В тобы – еркін реттілікпен оқытылатын міндетті пәндер; С тобы – кез-келген академиялық кезеңде оқытылатын таңдаулы пәндер. Құзыреттілік тәсіл мен оқудың модульдік қағидаттары арасындағы өзара шарттылық модульдің сәйкес жоспарланған оқу нәтижелерінің жетістігіне бағытталғандығымен, яғни құзыреттілікпен анықталады. Мұнда модульдер пәндер мазмұнының бірлігі негізінде «көлденең» және «тік» схема бойынша құрастырыла алады. «Көлденең» модульде барлық

құраушы пәндер оқу нәтижесіне шамамен тең және қатысты тәуелсіз үлес қосады; оларды қатарынан оқуға болады, оқу реттілігі қатаң көрсетілмеген.«Тік» модуль белгілі бір оқу нәтижесінің жетістігін көздейтін ретті оқытылатын, бастапқы және ортақ профессионалдыдан, арнайы және тар қолданбалыға дейінгі пәндерді қамтиды.Модульдер оқу бағдарламаларының бағыттылығын икемді өзгертуге, оқу процесінің басты мүшеслері – студенттердің, олар арқылы жұмыс берушілердің, яғни еңбек нарығының қызығушылықтарының мәніне жедел ден қоюға мүмкіндік ашатынын айта кеткен жөн. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың дәстүрлі түрінен басқа келесідей формаларды қолдануға болады: іскери ойынға дайындық; пікірталастар, студенттердің жұмысына шолу жасау, глоссарий құру, ғылыми мақалаларды дайындау және жазу. Қазіргі заманғы педагогикалық білім беруде өзіндік жұмыстың рөлін күшейту, тиісті әдіснамалық қолдауды қажет етеді.СӨЖ-ді тиімді ұйымдастырып, жоспарлау үшін мыналар қажет:-студенттердің өзіндік жұмысы үшін оқу-әдістемелік кешенмен және жеке тапсырмалармен қамтамасыз ету;оқу жылы басында СӨЖ тапсырмаларын беру,СӨЖ бойынша консультация уақытын белгілеуБілім алушылардың өзіндік жұмысының күрделілігі мен тапсырмаларының деңгейі оқытылып жатқан курсқа және пәнге байланысты. Жалпы химия пәнінен өзіндік жұмыс 1-ші курстар үшін дәрістер мен лабораториялық сабақтарда алынған білімдерін күшейтуге негізделген. 1-ші курстар үшін жалпы химиядан СӨЖ-дің арнайы формасын құруға болады [3].

- Химиядан кез-келген тақырып бойынша 1-2 беттік реферат дайындау;
- Тақырып бойынша есептер шығару(ерітінділер, эквивалент)
- Глоссарий: берілген тақырыптағы терминдердің мағынасын түсіндіріп жазу.

Ал, 2-3 курстар үшін өзін-өзі дамыту және шығармашылық қабілеттіктерін қалыптастыратын формалары:

- Пікірталас: топтық жұмыс- студенттің командамен қалай жұмыс істеуіне негізделеді;
- Презентация- жеке немесе топтық жұмыс, таңдалған тақырыптары бойынша 7-8 мин жоба дайындап, қорғайды.

Ал 4 курста СӨЖ студенттің маман ретінде кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал етуі керек. Оқытушы студенттерді ғылыми бағыттау: химия бойынша ғылыми мақалаларды оқып, оқытушымен талқылау.Өзіндік жұмыс барысында студент:-оқытылған пән бойынша теориялық материалды меңгеру

- теориялық білімді толықтай бекіту үшін оны практикада қолдану
- мәселені талдап, дұрыс шешім қабылдау үшін алынған білім мен практикалық

дағдыларды қолдану

- алынған білім мен дағдылардың өзіндік позициясын, теориясын, моделін қалыптастыру үшін пайдалану (дипломдық жұмыстың жазылуы, ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуы)

Студенттердің оқу материалын меңгеруі өзіндік жұмыстың орындалуына байланысты. Білімді игертуде негізгі салмақтың өзіндік жұмысқа түсуі білім алушыны өз бетімен білім алу, өзін өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты білім берудің кредиттік жүйесін енгізу контекстінде студенттердің өзіндік жұмысын дұрыс және тиімді ұйымдастыру мәселесі өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Демеуов А. Особенности планирования, организации и контроля внеаудиторной самостоятельной работы студентов // Высшая школа. Казахстана. 2004. № 3.
2. Карасева Э.М. Применение кредитной системы обучения в Костанайском социально-техническом университете / Э.М. Карасева // Вестн. науки Кост. соц.-тех. ун-та. 2005. - № 8. - С. 109 – 114
3. Беловолов В.А., Беловолова С.П. Организация и содержание самостоятельной работы студентов. – Новосибирск, 2002. С.98-101